

Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 70 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес

Қ А У Л Ы **Е Т Е М І Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шарттың жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Жақып Қажманұлы Асановқа Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол
қ о ю ғ а ө к і л е т т і к б е р і л с і н .

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 15.06.2016 № 281
Ж а р л ы ғ ы м е н .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Назарбаев
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 20
№ 70 Ж а р л ы ғ ы м е н
МАҚҰЛДАНҒАН
Жоба

**Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы
қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы
ШАРТ**

Бұдан әрі «Уағдаласушы Мемлекеттер» деп аталатын Қазақстан Республикасы мен
С е р б и я Р е с п у б л и к а с ы
қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастықты дамыту мен

нығайтуға ниет білдіре отырып,
мыналар туралы уағдаласты:

1-бап

Жалпы ережелер

1. Уағдаласушы Мемлекеттер осы Шарттың ережелеріне және өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес мүмкіндігінше бір-біріне қылмыстық істер бойынша барынша құқықтық көмек береді.

2. Құқықтық көмек іс-шаралардың мынадай түрлерін:

a) құжаттарды, шақыру қағаздарын және заттарды табыс ету мен жеткізуді;
b) адамдардың және заттардың орналасқан жерін айқындауды немесе оларды сәйкестендіруді;

c) айғақтар мен арыздар алуды;
d) қамаққа алынған адамдарды және бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан адамдарды уақытша беруді;

e) тінтуді, алып қоюды және тәркілеуді жүзеге асыруды;

f) заттарды және құжаттарды қарап-тексеруді;

g) ақпарат және дәлелдемелер алмасуды;

h) Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасында көзделген көмектің кез келген басқа да нысандарын қамтиды.

2-бап

Орталық органдар

1. Осы Шарттың мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттер айқындаған орталық органдар өзара тікелей іс-қимыл жасайды.

2. Орталық органдар:

Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы;
Сербия Республикасы үшін - Сербия Республикасының Әділет министрлігі болып табылады.

3. Өздерінің орталық органдарының атауы өзгерген немесе олардың функциялары басқа мемлекеттік органдарға берілген жағдайда Уағдаласушы Мемлекеттер бұл туралы бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

3-бап

Құқықтық көмек туралы сұрау салулардың нысаны және мазмұны

1. Сұрау салу жазбаша нысанда жасалады, оған қол қойылады және ол Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының мөрімен расталады.

2 . С ұ р а у с а л у д а :

- a) сұрау салуды жасаған құзыретті органның атауы;
- b) сұратылатын көмектің мақсаты мен сипаттамасы;
- c) қылмыстық іс-әрекеттің сипаттамасы және оның құқықтық саралануы;
- d) ескіру мерзімдері туралы ережелерді қоса алғанда, ұлттық заңнаманың қолданылатын ережелерін көрсету;
- e) дәлелдемелердің, ақпараттың немесе өзге де іс-шаралардың сұратылу себептері;
- f) қажет болған жағдайларда келу үшін шақырылған адамның алуға құқығы бар төлемдер мен өтемақылар туралы мәліметтер; және
- g) қажет болған жағдайларда сұрау салуды орындау кезінде қатысуы қажет лауазымды адамдар туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

3. Мүмкіндігіне қарай сұрау салуда сондай-ақ:

- a) құжат табыс етілуге тиіс адамның жеке басы және орналасқан жері туралы ақпарат, оның процестік мәртебесі және табыс ету жүргізілуге тиіс тәсіл;
- b) айғақтар беруге немесе талқылауға көмек көрсетуге тиіс адамның жеке басы және орналасқан жері туралы ақпарат;
- c) орналасқан жері анықталуға тиіс адамның жеке басы, зат немесе құжат туралы а қ п а р а т ;
- d) тіптілуге тиіс орынның немесе адамның және алып қоюға немесе тәркіленуге тиіс заттардың барынша дәл сипаттамасы;
- e) кез келген айғақтар немесе арыздар қабылдануға және тіркелуге тиіс тәсілдің с и п а т т а м а с ы ;
- f) тыңдалатын адамға қойылуы қажет сұрақтардың тізбесі;
- g) сұрау салу орындалған кезде сақталуға тиіс нақты рәсімнің сипаттамасы;
- h) құпиялылықты қамтамасыз ету жөніндегі талаптар;
- i) сұрау салуды орындауға ықпал ету үшін Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекетке берілуі мүмкін кез келген басқа да ақпарат қамтылуға тиіс.

4. Құқықтық көмек туралы сұрау салу коммуникациялардың техникалық құралдары пайдаланыла отырып берілуі мүмкін. Сұрау салудың түпнұсқасы бір мезгілде поштамен жіберілуге тиіс.

4-бап

Тіл

1. Құқықтық көмек туралы сұрау салу және қажетті құжаттар Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттің тілінде жасалуға және Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің тіліне немесе ағылшын тіліне аудармасымен қоса берілуге тиіс.

2. Сұрау салуларға жауаптар қосымшаларымен бірге Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің тілінде жіберілуге және ағылшын тіліне аудармасымен қоса

берілуге тиіс. Сұрау салуды орындауға байланысты құжаттардың көлемі ауқымды болған жағдайда Уағдаласушы Мемлекеттердің орталық органдары аударылуға жататын құжаттар тізбесін айқындау үшін консультациялар жүргізуге құқылы.

5-бап

Құқықтық көмек беруден бас тарту

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет, егер құқықтық көмек сұратылып отырған іс-әрекет оның ұлттық заңнамасы бойынша қылмыс болып табылмаса, оны беруден бас тартуға құқылы.

2. Егер :

а) осы Шартта көзделген, құқықтық көмектің белгілі бір түрлерін орындау үшін шарттар сақталмаса ;

б) сұрау салуды орындау Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа да елеулі мүдделеріне қауіп төндірсе не оның ұлттық заңнамасына қайшы келсе ;

с) сұрау салу Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына қайшы келетін мәжбүрлеу шараларына қатысты болса ;

д) құқықтық көмек туралы сұрау салу адамға қатысты оның нәсілдік тиесілілігі, жынысы, діни сенімі, ұлты, этностық шығу тегі немесе саяси көзқарасы себептері бойынша қылмыстық қудалау мақсатына бағытталған немесе осы адамның жағдайына осы себептердің кез келгені бойынша нұқсан келтірілуі мүмкін деп пайымдауға дәлелді негіздер болса, Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет сұрау салынған көмекті көрсетуден толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

3. Құқықтық көмек беруден бас тартпас бұрын Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің орталық органы Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттің орталық органымен консультация жүргізуге тиіс.

4. Құқықтық көмекті беруден кез келген бас тарту уәжді болуға тиіс.

6-бап

Құқықтық көмек туралы сұрау салуларды орындау

1. Құқықтық көмек туралы сұрау салулар Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес орындалады. Айрықша жағдайларда Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет, егер бұл Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына қайшы келмесе, Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекет ұсынған тәртіппен әрекет етуге құқылы.

2. Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет сұрау салуды орындауды, егер мұндай орындау оның аумағында жүргізіліп жатқан қылмыстық талқылауға кедергі келтіретін болса, кейінге қалдыруға құқылы.

3. Құқықтық көмек беруді кейінге қалдырғанға дейін Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекетпен ықтимал консультациялардан кейін сұрау салуды толық немесе ішінара немесе өзі қажет деп есептейтін шарттарда орындай алатынын шешеді.

4. Сұрау салуды орындауды кейінге қалдыру туралы шешім уәжді болуға тиіс және Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекетке сұрау салуды орындауды кейінге қалдыру себептері туралы ақпарат жібереді.

5. Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет құқықтық көмек туралы сұрау салуды мүмкіндігінше қысқа мерзімде немесе, егер мүмкін болса, Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекет көрсеткен және ол уәжді болып табылатын мерзімде орындайды.

7-бап

Құпиялылық

1. Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекет Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттен, бұл сұрау салуды орындаумен сыйыспайтын жағдайлардан басқа, сұрау салудың және оның мазмұнының құпиялылығын қамтамасыз етуді сұратуға құқылы. Егер Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет құпиялылық туралы талапты орындай алмайтын болса, ол бұл жөнінде Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекетке дереу ақпарат жібереді, ол сұрау салу құпиялылықты сақтамай одан әрі орындауға жататынын не жатпайтынын шешеді.

2. Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттен сұрау салуды орындау кезінде алынған ақпаратты немесе дәлелдемелерді сұрау салуда ескерілгендерін қоспағанда, басқа талқылауларда Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің алдын ала келісімінсіз пайдаланбауды сұратуға құқылы.

8-бап

Құжаттар мен шақыру қағаздарын табыс ету

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет оған Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекет осы мақсатта берген құжаттарды табыс етуді жүргізеді.

2. Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет табыс еткеннен кейін Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекетке жеткізу күнін, уақытын, орнын және тәсілін, сондай-ақ құжаттар табыс етілген адам туралы мәліметтерді көрсете отырып, табыс етуді жүзеге асырған лауазымды адамның қолымен және органның мөрімен бұл туралы растауды жібереді. Егер табыс ету жүзеге асырылмаса, Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет бұл туралы Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекетке дереу ақпарат жібереді және табыс етпеу себептері туралы хабарлайды.

3. Адамдардан Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарының алдына келуді талап ететін шақыру туралы шақыру қағаздары белгіленген келу күніне

дейін алпыс (60) тәуліктен кешіктірілмей Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекетке жіберіледі. Шұғыл жағдайларда Уағдаласушы Мемлекеттер неғұрлым қысқа мерзім ж ө н і н д е к е л і с е а л а д ы .

4. Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органына келмеген адамға, тіпті шақыру қағазында келмеген жағдайдағы ықтимал жауаптылық туралы ескерту камтылса да, кез келген жаза немесе мәжбүрлеу шарасы қолданылмайды.

9-бап

Иммунитет

1. Өзінің азаматтығына қарамастан, шақыру қағазы бойынша Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органына келген адамды келгенге дейінгі және шақыру қағазында көрсетілмеген іс-әрекеттері және сотталғандықтары үшін Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында қылмыстық қудалауға, күзетпен ұстауға, соттауға немесе жазалауға не оның жеке басының бостандығын қандай да бір өзгеше ш е к т е у г е б о л м а й д ы .

2. Осы баптың 1-тармағы, егер онда көрсетілген адам:

а) өзінің болуы бұдан әрі қажет болып табылмайтыны туралы ресми хабардар етілген кезден бастап он бес (15) тәулік ішінде Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттің аумағынан кетпесе, қолданылмайды. Алайда, бұл мерзімге осы адам өзіне байланысты емес себептер бойынша Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттің аумағынан кетпеген кезең кірмейді;

б) Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттің аумағынан кетіп, өз еркімен қайтып келсе, қолданылмайды.

10-бап

Адамдардың және заттардың орналасқан жерін айқындау немесе оларды сәйкестендіру

1. Кез келген Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекеттен адамдардың орналасқан жерін анықтауды, оларды сәйкестендіруді және Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарына келуге тиіс және болжаммен Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында жүрген іздестіріліп жатқан адамдардың тұрғылықты жерін немесе тіркелген жерін хабарлауды сұратуға құқылы.

2. Кез келген Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекеттен заттардың тұрған жерін анықтауды, оларды сәйкестендіруді және тиісті деректерді хабарлауды немесе тұрған жерін анықтауға және сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кез келген басқа да шара қолдануды сұратуға құқылы.

3. Сұрау салынатын ақпарат осы Шарттың 3-бабында көзделген сұрау салу

негізінде берілуге тиіс. Шұғыл жағдайларда сұрау салу Халықаралық Қылмыстық Полиция Ұйымы (Интерпол) арқылы да жіберілуі мүмкін.

11-бап

Қамаққа алынған адамдарды және бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан адамдарды уақытша беру

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында қамаққа алынған немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан, куә немесе сарапшы ретінде келуін Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекет сұратып отырған адам оның аумағына Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет көрсеткен мерзімде кері қайтарылатын жағдайда уақытша берілуі мүмкін, ол мерзім алты (6) айдан аспауға тиіс. Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекет көрсетілген мерзімнің ұзартылуын сұратуға құқылы. Мұндай ұзарту бір рет ғана беріледі.

2. Егер :

- a) адам өзін беруге келісімін бермесе;
- b) Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылып жатқан қылмыстық талқылауларда сол адамның қатысуы талап етілсе;
- c) уақытша беру оны күзетпен ұстау мерзімінің ұлғаюына әкеп соқтыратын болса;
- d) Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекетке адамды уақытша беруге қарсы басқа да елеулі негіздер бар болса, осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдарды беруден бас тартылуы мүмкін.

3. Уақытша берілген адам Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекетте де, транзит мемлекетінде де күзетпен ұсталуға тиіс.

4. Егер үшінші мемлекет күзетпен ұсталатын адамды екінші Уағдаласушы Мемлекеттің аумағы арқылы Уағдаласушы Мемлекеттердің біріне уақытша беруге тиіс болса, Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет, егер аталған адам сол Уағдаласушы Мемлекеттің азаматы болып табылмаса, осы адамның транзитіне рұқсат беруге тиіс.

12-бап

Тінту және алып қою

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет тінтуді, қандай да бір заттар мен құжаттарды алып қоюды және беруді, құқықтық көмек туралы сұрау салуда осындай әрекеттерді жүргізу қажеттігін негіздейтін ақпарат қамтылған жағдайда жүргізеді.

2. Заттар мен құжаттар алып қойылған жағдайда Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет олардың түпнұсқалығына көз жеткізуге тиіс. Егер Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасы бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді жүргізу құзыретті органның арнайы шешімін талап етсе, онда

Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекет мұндай шешімді ұсынуға тиіс.

3. Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет берілетін заттар мен құжаттарға қатысты үшінші тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет қажет деп есептейтін шарттарға Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекеттің өз келісімін беруін талап етуге құқылы. Егер мұндай келісім алынбаса, Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет оларды беруден бас тартуға құқылы.

13-бап

Тәркілеу рәсімдеріндегі көмек

1. Уағдаласушы Мемлекеттер өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес қылмыстық жолмен алынған заттарды, құжаттарды, ақшалай қаражатты және өзге де кірістерді анықтау, табу, қамақ салу мен тәркілеу бойынша бір-біріне құқықтық көмек көрсетеді.

2. Егер қамақ салуға немесе тәркілеуге жататын қылмыстық жолмен алынған кірістер, қылмыс құралдары, заттар мен құжаттар, сондай-ақ ақшалай қаражаттар Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің аумағында екені мәлім болса, бұл туралы екінші Уағдаласушы Мемлекетке ақпарат жіберілуі мүмкін.

3. Қамақ салуға немесе тәркілеуге жататын қылмыстық жолмен алынған кірістерді, қылмыстардың құралдарын, заттар мен құжаттарды, сондай-ақ ақшалай қаражатты беру келісілген тәртіппен жүзеге асырылады.

14-бап

Банк шоттарын және қаржылық ақпаратты анықтау

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыс жасауға қатысы бар адам оның аумағында орналасқан банкте немесе кез келген өзге де қаржы мекемесінде банк шотының иесі болып табылатынын-табылмайтынын анықтауға және бұл туралы Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекетке ақпарат жіберуге құқылы. Мұндай ақпаратта осы шоттарды пайдаланушылар туралы, олардың орналасқан жері туралы, сондай-ақ транзакциялар туралы мәліметтер қамтылуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген көмекті беруден банк құпиясы негізінде бас тартуға болмайды.

15-бап

Заттар мен құжаттарды қайтару

Сұрау салушы Уағдаласушы Мемлекетке берілген кез келген заттар мен құжаттар, Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет өзінің оларды қайтару құқығынан бас тартқан жағдайлардан басқа, алғашқы мүмкіндік болған кезде қайтарылады.

16-бап

Ақпаратты ерікті түрде беру

1. Уағдаласушы Мемлекеттер, егер ол екінші Уағдаласушы Мемлекет үшін қызығушылық тудыруы мүмкін деп болжамдалса, өздерінің бастамасы бойынша бір-біріне кез келген ақпаратты жіберуге құқылы.

2. Мұндай ақпарат ұсынылған кезде оны пайдалануға шектеулер қойылуы мүмкін және ол шектеулер сақталуға тиіс.

17-бап

Шығыстар

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекет мыналарды:

a) осы Шарттың 3-бабы 2-тармағының g) тармақшасында көрсетілген адамдардың Сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекетке жол жүруіне және онда болуына арналған шығыстарды ;

b) осы Шарттың 8-бабының 3-тармағында көрсетілген адамдардың жол жүруіне және болуына арналған шығыстарды ;

c) құқықтық көмек туралы сұрау салуды осы Шарттың 11-бабының тәртібімен орындаудан туындайтын шығыстарды ;

d) егер Уағдаласушы Мемлекеттер өзгеше ескертпесе, сараптамалар жүргізуге шығыстарды қоспағанда, құқықтық көмек туралы сұрау салуды орындауға байланысты шығыстарды көтереді .

2. Құқықтық көмек туралы сұрау салуды орындау болжанбаған сипаттағы шығыстарға әкеп соғатын кезде Уағдаласушы Мемлекеттер сұрау салуды орындаудан туындайтын шығыстарды бөлу мақсатында консультациялар жүргізуге құқылы.

18-бап

Сотталғандықтар туралы ақпарат алмасу

Уағдаласушы Мемлекеттер бір-біріне 6 (алты) ай мерзімділікпен екінші Уағдаласушы Мемлекет азаматтарының барлық сотталу жағдайлары туралы ақпарат жібереді.

19-бап

Құжаттар мен материалдарды заңдастырудан босату

Құқықтық көмек көрсету тәртібімен берілетін құжаттар мен материалдарға құзыретті органның лауазымды адамы қол қоюға, елтаңбалы мөрімен расталуға тиіс және осындай жағдайда оларды бұдан әрі заңдастыру, растау немесе қуәландыру талап етілмейді.

20-бап

Шарттың басқа халықаралық келісімдермен арақатынасы

Осы Шарт Уағдаласушы Мемлекеттердің өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық келісімдерден туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

21-бап

Келіспеушіліктерді реттеу

Осы Шартты қолдану немесе түсіндіру барысында туындайтын кез келген келіспеушіліктер Уағдаласушы Мемлекеттердің орталық органдары арасында консультациялар мен келіссөздер өткізу арқылы шешіледі.

22-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Шарт ратификациялануға жатады.
2. Осы Шарт белгіленбеген мерзімге жасалады және Уағдаласушы Мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті рәсімдерді орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.
3. Уағдаласушы Мемлекеттердің өзара келісімі бойынша осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар оның ажырамас бөліктері болып табылатын және осы баптың 2-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделеді.
4. Осы Шарт өз қолданысын Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Шарттың қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап бір жүз сексен (180) тәулік өткеннен кейін тоқтатады.
5. Осы Шарттың қолданысы тоқтатылған жағдайда оның қолданылу кезеңінде басталған іс-шаралар өздері толық орындалғанға дейін күшінде қалады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН осыған тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Шартқа қол қойды.

20 _____ жылғы _____ әрқайсысы қазақ, серб және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндер теңтүпнұсқалы болып табылады.

Осы Шартты түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым болып табылады.

Қазақстан Республикасы үшін Сербия Республикасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК